

Оқиға орнын көрген облыс әкімі В. Храпунов зардап шеккендердің барлығына көмек көрсетілетінін атап өтті. Қазір баспанасыз қалғандардың саны анықталуда, үй мәселесі әр отбасына қатысты жеке-жеке шешіlmек. «Мысалы, бірнеше қарт адамдар ауылда емес, қалада тұрғылары келетінін айтты. Бізде Семей қаласында резервте 3-4 пәтер бар, оларды сол коммуналды үйлерге орналастыруға болады. Егер баспана салу қажет деп шешсек, біз оны дереу қолға аламыз. Аудан әкіміне қай жерде және қанша құрылыс салу жөнінде тапсырма берілді. Жанып кеткен, не істен шыққан ауыл шаруашылық техникаларының орнына басқа техникамен қарасудың жолдарын қарастырамыз. Мал-мүлікке қатысты да барлық мәселелерді шешуге тырысамыз» деді Виктор Храпунов жергілікті тұрғындарға.

Облыстық төтенше

● Төтенше оқиға

400-ден АСА АДАМ БАСПАНАСЫЗ ҚАЛДЫ

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Бесқарағай ауданы Қошқарағай учаскесінде 3-қазанда күшті жел қуалаған қалың өрттің салдарынан Беген орман шаруашылығындағы 121-үйдің 92-сі, екі әкімшілік ғимарат және 600 қора-қопсы жанып кеткен. Облыс әкімі баспасөз қызметінің хабарлауынша, төрт адам қаза тапқан, он адам ауруханаға жеткізілген. Зардап шеккендер үшін палатка қалашығы құрылды, ыстық тамақ ұйымдастырылды. Оқиға орнында Бесқарағай ауданы әкімі Оңдасын Баймолдин басқаратын төтенше жағдайдың зардаптарын жою жөніндегі штаб жұмыс істеуде. Облыс әкімі В. В. Храпунов от құшағында қалған кентте болып, тұрғындармен кездесті.

жағдайлар жөніндегі департаменттің мәліметтері бойынша өрттің шығу себебі әлі анықталмаған. Кешкі сегіздер шамасында қатты желдің салдарынан лаулаған от Беген орман шаруашылығының алқабына жайылып, үш бағытта өршіген.

Ауылдың 400-ден астам тұрғыны орман шаруашылығынан үш шақырым жердегі Беген селосына көшірілді.

Тілсіз жауды ауыздықтау үшін Семей қаласының өрт сөндірушілері, «Семей орман» кәсіпорнының Беген филиалының

қызметкерлері, көптеген техника тартылды. Сол күні кешке көмекке Өскемен және Семей қалаларынан қосымша техникалар жеткізілген.

Бесқарағай ауданындағы өрт қазір толық сөндірілген. Облыс әкімі баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, Беген орман шаруашылығы кентіне келген шығын анықталуда. Алдын ала есеп бойынша 300 миллион теңгеден астам зиян тиген.

Облыс басшылары тарапынан зардап шеккендерге қол ұшын беру шаралары ұйымдастырылуда. Төтенше жағдайлар қорынан сегіз миллион теңге бөлінді. Облыстық білім департаментіне баспанасыз қалған отбасыларының 70 баласын киіммен қамтамасыз ету, облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаментіне өрттен зардап шеккендерге әлеуметтік көмек көрсету тапсырылды.

Бесқарағай ауданы әкімінің ҮНДЕУІ

Құрметті шығысқазақстандықтар!

Беген орман шаруашылығының елді мекенінде қазан айының үшіннен төртінше қараған түні қайғылы оқиға орын алды. Күшті жел қуалаған қалың өрттің салдарынан кенттің көп бөлігі жойылып, тұрғын үйлер, өндірістік және басқа нысандар жанып кетті. Тұрғындарды дереу көшіру шаралары жасалғанымен, өкінішке орай, адам шығыны бар.

400-ден астам адам баспанасыз, мүліксіз қалды. Қазір оларға алғашқы көмек көрсетілуде, олар уақытша баспаналарға орналастырылды, азық-түлік, жылы киім-кешек, қаражат жинастырылуда.

Біз төтенше жағдайдан зардап шеккендердің тағдырына алаңдаушылық білдірген шығысқазақстандық жерлестерімізден қолдан келген көмектеріңізді берулеріңізді сұраймыз.

Зардап шеккендерге көмек ретінде Халық банкінің бөлімшесінде қаражат аудару үшін есепшот ашылды:

Реквизиттері: «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның аймақтық филиалы, БИК 193801607, ИИК 182890805. РНН 182100000168, есепшот 2606991001456957, алушының РНН 182120023958.

О. БАЙМОЛДИНОВ,
Бесқарағай ауданының әкімі.

Шығыс Қазақстан облысының барлық азаматтарына, бизнесмендерге, ұйымдар мен кәсіпорындар басшыларына

Облыстың барлық азаматтарына 2006 жылғы 3-қазаннан 4-қазанға қараған түні табиғат апаты – өрттен зардап шеккен Бесқарағай ауданы Беген ауылының тұрғындарына материалдық және моральдық көмек көрсетуге шақырады.

Зардап шеккендерге көмек қорын құруды ұсынамыз, апатқа ұшырағандарға жәрдем беру үшін бір күндік еңбекақыны аудару бастамасын көтереміз.

Есепшот 2606991001456957

РНН 182120023958. Қазақстан Халық банкі АҚ-ның аймақтық филиалы.

Шығыс Қазақстан халықтарының кіші Ассамблеясы

Табиғат апатының кесірінен орын алған мұндай қайғылы оқиға біздің де қабырғамызды қайыстырды. «Дидар» газетінің ұжымы да өрт кезінде қайтыс болған марқұмдардың отбасыларына көңіл айтады. Редакция қызметкерлері бегендіктерге өздерінің бір күндік жалақыларын аударды, зардап шеккен аймақтың ахуалын газет оқырмандарына тұрақты түрде хабарлап отырады.

Көп болып жұмылып, апатты жағдайда қалған ағайынға қол ұшын берейік, құрметті жерлестер! «Дидар» газетінің редакциялық алқасы.